

Өскемен қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 6 сәуірдегі № 1371 "Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 3228 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 тамызда № 5169 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 3 маусымдағы № 2385 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 03.06.2019 № 2385 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 8-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сай, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өскемен қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 6 сәуірдегі № 1371 "Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы туралы" қаулысына (№ 4974 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 27 сәуірде, "Дидар", "Рудный Алтай" газеттерінде 2017 жылғы 29 сәуірінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулыда:

келесі мазмұндағы 1-1- тармағымен толықтырылсын:

"1-1. Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұйымдастыратын және өткізетін тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесі осы қаулыға қосымшаға сай анықталсын";

осы қаулыға қосымшаға сай қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Өскемен қаласының
әкімі*

К. Тұмабаев

Өскемен қаласы әкімдігінің
2017 жылғы " 07 " 08
№ 3228 қаулысына қосымша

Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұйымдастыратын және өткізетін жұмыстар тізбесі

р/р №	Жұмыстардың атауы
1.	Бюджеттік қаражат есебінен іске асырылатын жаңа объектерді құру (құрылысы) немесе қолданыстағы объектерді реконструкциялау және күрделі жөндеу, ол жерде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ретінде Өскемен қаласының мемлекеттік мекемелері болады, сондай-ақ тапсырыс берушілер ретінде коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар, Өскемен қаласының заңды тұлғалары болады, олардың елу және одан көп дауыс беретін акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) мемлекетке тиесілі (бюджет заңнамасымен тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма бес мың еселік мөлшерін сатып алу үшін бөлінген сомадан асқанда)
2.	Іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалар аясында сатып алынатын жаңа объектерді құру (құрылысы) немесе қолданыстағы объектерді реконструкциялау және күрделі жөндеу (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма бес мың еселік мөлшерін сатып алу үшін бөлінген сомадан асқанда)
3.	Қалалық маңызы бар автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма бес мың еселік мөлшерін сатып алу үшін бөлінген сомадан асқанда)
4.	Су құбырлық және жылу желілерінің, канализациялардың жөндеу жұмыстары (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма бес мың еселік мөлшерін сатып алу үшін бөлінген сомадан асқанда)
5.	Абаттандыру (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма бес мың еселік мөлшерін сатып алу үшін бөлінген сомадан асқанда)

Ескерту: айлық есептік көрсеткіштің аталған мөлшері ҚҚС бірге есепке алынады